

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

Ауа кептіргіш

DEXP DH-30KGSO

**DEXP**

# Мазмұны

Сақтық шаралары .....	3
Құрылғының схемасы .....	4
Орнату .....	5
Кептіргішті пайдалану .....	6
Дренаж .....	6
Басқару панелі .....	7
Құрылғының функциялары.....	8
Құрылғыға қызмет көрсету .....	9
Дисплейдегі кодтардың шифрын ашу .....	9
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі.....	10
Техникалық сипаттамалары.....	11
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	12
Қосымша ақпарат .....	13

# Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.


Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы тұрмыстық үй-жайларда ауаны салқындатуға, жылытуға, кептіруге және желдетуге арналған.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыны ақаулы розеткаға қоспаңыз. Ұластырғыштар мен ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
2. Құрылғыны келесі орындарда орнатпаңыз:
  - ашық оттың жанында;
  - су, май және химиялық белсенді заттардың шашырандылары түсуі мүмкін аймақтарда;
  - тікелей күн сәулелері әсер ететін аймақтарда;
  - ванна және душ бөлмелерінің немесе жүзу бассейндерінің жанында;
  - жылыжайларда.
3. Компрессордың сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін, құрылғыны еңкейтпеңіз.
4. Құрылғыны тазалауды бастар алдында ашаны розеткадан суырып алу қажет.
5. Құрылғының жанына қыздырғыш аспаптарын қоймаңыз.
6. Қызып кетуін болдырмау үшін, жұмыс істеп тұрған құрылғыны жаппаңыз.
7. Электр қуат беру кәбілі зақымдалған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз. Зақымдалған кәбілді ауыстыру мәселесі бойынша авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
8. Құрылғыны тұрақты тегіс бетке ғана орнатыңыз.
9. Құрылғы әрқашан, оның ішінде тасымалдау кезінде де тік күйінде тұруы тиіс.
10. Аспаптың бақылау тақтасына су тиюіне жол бермеңіз.
11. Ауа шығаратын торға қандай да бір заттардың түсуіне жол бермеңіз.
12. Аспаптың үстіне отырмаңыз және оған ешқандай заттарды қоймаңыз.
13. Аспапты өз бетінше жөндеуге тырыспаңыз.
14. Желілік баусымынан тартпаңыз, оның жылу көздерінің жақын тұруына жол бермеңіз.

## Құрылғының схемасы




1. Басқару панелі.
2. Алдыңғы панель.
3. Артқы панель.
4. Ауа шығаратын тор.
5. Су жинауға арналған ыдыс.
6. Су жинауға арналған ыдысты тасымалдауға арналған тұтқа.
7. Құрылғыны тасымалдауға арналған тұтқа.
8. Ауа жинағыштың торы.
9. Дренаж саңылауы.
10. Қуат беру кәбілін сақтауға арналған бөлімше.
11. Дөңгелектер.

# Орнату

## Дұрыс орналасқан жерін таңдау

- Шу мен дірілді барынша азайту үшін құрылғыны тегіс бетке орнатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Құрылғы жерге тұйықталған розетканың жанында орнатылуы, ал дренаж тесіктері бұғатталмауы тиіс.
- Ауаның тиісті бапталуын қамтамасыз ету үшін, құрылғы жақын тұрған қабырғадан кемінде 20 см қашықтықта орналасуы тиіс.
- Құрылғының үстінен кем дегенде 50 см қашықтықта ештеңе орналаспауы тиіс.
- Ауа жинағыш және ауа шығарғыш саңылаулар жабық болмауы тиіс.
- Құрылғыны пайдаланған кезде оның ресурстарын сақтау үшін есік пен терезелерді жабық күйінде ұстаңыз.



# Кептіргішті пайдалану


## Дренаж

### Су жинауға арналған сыйымдылық

Ыдыстағы су деңгейі максималды деңгейге жеткенде, дисплейде тиісті индикатор жанады, ал құрылғы күту режиміне ауысады.

#### Суды төгу үшін:


1. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
2. Құрылғыны ағызу орнына ақырын апарыңыз.
3. Ыдысты құрылғының корпусынан ақырын шығарыңыз.
4. Ыдысты корпусқа қайта орнатыңыз.
5. Құрылғыны қайта қосып, индикатордың сөнгеніне көз жеткізіңіз.



### Дренаж құбыршегін қосу

Құрылғының артқы жағындағы дренаж тесігінен бітеуішті алыңыз және дренаж құбыршегін (Ø 9 мм, ұзындығы 60 см аспайды, жеткізу жиынтығына кірмейді) тиісті ағытпаға жалғаңыз. Құбыршектің екінші ұшын құрылғының ағызу тесігінің деңгейінен кемінде 10 м-ге төмен орналастырыңыз.


**Назар аударыңыз:** құбыршектің сенімді бекітілгеніне және одан су ақпайтынына көз жеткізіңіз. Судың ағуына кедергі жасамайтын майысудың болмауын қадағалай отырып, құбыршекті ағызу жағына қарай бағыттаңыз. Құбыршектің ұшын ағызатын жерге салыңыз, сондай-ақ құбыршек ұшының бұғатталмағанына және судың ағызатын жерге еркін құйылатынына көз жеткізіңіз. Дренаж құбыршегі пайдаланылмаса, дренаж тесігінің тұмшамен жабылғанына көз жеткізіңіз.



Ескертпе. Тиісті жұмысты қамтамасыз ету үшін, құбыршекті тартпаңыз және майыстырмаңыз. Сору құбыршегінің ауа шығарғыш тесігінің айналасында (50 см радиуста) ауаның шығатын ағынын бұғаттай алатын, осылайша құрылғының жұмысын бұзатын кедергілер болмауына көз жеткізіңіз.



## Басқару панелі



1. «🕒» батырмасы: таймерді қосу/сөндіру.
2. Құрылғы кептіру / иондау жарық индикаторлары.
3. «🌀» батырмасы: құрылғыны құрғатуды / иондауды қосу/сөндіру.
4. «🌀» батырмасы: ауа ағыны жылдамдығын басқару.
5. Ауа ағынының таңдалған жылдамдығының жарық индикаторлары.
6. Дисплей.
7. «💧» батырмасы: ылғалдылық теңшелімдерін ауыстыру.
8. Таңдалған жұмыс режимінің жарық индикаторлары.
9. «M» батырмасы: жұмыс режимдерін ауыстыру.
10. «🔌» батырмасы: құрылғыны қосу/сөндіру.

## Құрылғының жұмыс режимдері


Құрылғыны қосу үшін «🔌» батырмасын басыңыз. Құрылғыны қосу немесе таймерді орнату кезінде «Автоматты» және «Үздіксіз» режимдері арасында «M» басыңыз, тиісті индикатор жанады.

**«Автоматты» режимі.** Егер бөлменің ылғалдылығы қажетті ылғалдылық көрсеткішінен жоғары немесе қалаған ылғалдылық көрсеткішінің  $\pm 5\%$  диапазонында болса, компрессор және желдеткіш автоматты түрде істеп кетеді. Егер бөлме ылғалдылығы қалаған ылғалдылықтың көрсеткішінен  $5\%$ -ға төмен болса, компрессор тоқтатылады, ал желдеткіш ауа ағынының берілген жылдамдығымен істейтін болады. Қалаған ылғалдылықтың әдепкі мәні:  $50\%$ .

**«Үздіксіз» режимі.** Осы режимді таңдаған кезде компрессор мен желдеткіш бөлмедегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы көрсеткішіне қарамастан автоматты түрде жұмысын бастайды (ауа ағынының әдепкі қалпы бойынша жылдамдығы — жоғары).


## Құрылғының функциялары

### Таймер

«» батырмасын басыңыз: әр басу құрылғы жұмысының уақытына 1 сағат қосады, таймердің максималды орнатылатын уақыты — 24 сағат; таймерді қалпына келтіру үшін екі рет басыңыз. Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде өшеді.

Таймерді орнатқаннан кейін бес секунд ішінде функция бұғатталатын болады.


### Құрылғыны құрғату

Құрылғыны құрғатуды қосу/өшіру үшін «» батырмасын басыңыз. Бұл функция құрылғыда зеңнің пайда болуына жол бермеу үшін құрылғыны құрғатуға арналған және шамамен 1 сағат алады.


### Иондау

Иондауды қосу/сөндіру үшін «» батырмасын 3 секунд бойы басып ұстаңыз.

### Ауа ағыны жылдамдығы


«Автоматты» немесе «Үздіксіз» режимінде ауа ағынының жоғары және төмен жылдамдықтары арасында ауысу үшін «» батырмасын басыңыз.

### Ылғалдылық теңшелімдері

«Автоматты» режимінде 30-80% диапазонында 5% қадаммен қалаған ылғалдылықты таңдау үшін «» батырмасын басыңыз, 80%-ға жеткеннен кейін көрсеткіш минималды көрсеткішке түседі.

**Назар аударыңыз:** бұл функция тек «Автоматты» режимінде қолжетімді.

### Құрылғыны бұғаттау

Құрылғыны бұғаттау/бұғаттан шығару үшін «» батырмасын 3 секунд бойы басып ұстаңыз.

### Ауа сүзгісін тазалау

Ауа сүзгісі артқы панельде орналасады. Оны екі апта сайын (немесе егер қажет болса, жиірек) тексеріп, тазалап отыру керек.

1. Құрылғыдан суға арналған ыдысты шығарыңыз.
2. Сүзгідегі тілді басыңыз және оны ұстағыштан шығару үшін аздап тартыңыз.
3. Сүзгіні алыңыз.
4. Сүзгіні жылы сабын сумен тазалаңыз. Сүзгіні ауыстыру алдында, оны жуыңыз және кептіріңіз.
5. Сүзгі кепкеннен соң, оны орнына орнатыңыз.


### Ескертпе

- Сүзгіні ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- Құрылғыны сүзгісіз пайдаланбаңыз.



## Дисплейдегі кодтардың шифрын ашу

- **FL** — резервуар толып кетті.
- **E1** — шарғы сенсоры ақаулықты тапты.
- **E2** — үй-жай температурасының сезбегі ақаулықты анықтады.
- **P1** — құрылғы еріту күйінде, осы код құрылғының қалыпты жұмысы туралы сигнал береді.
- **CL** — құрылғы өзін-өзі кептіру күйінде, бұл сигнал құрылғының қалыпты жұмысы туралы сигнал береді.
- **LC** — құрылғы бұғатталған.



## Құрылғыға қызмет көрсету

- Тазалау немесе қызмет көрсету алдында құрылғыны әрқашан электр желісінен ажыратып жүріңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін жанғыш сұйықтықтарды немесе химикаттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының ағын судың астында жумаңыз.
- Егер қуат көзі тазалау кезінде зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Зақымдалған қуат беру бауы авторландырылған сервистік орталықта ауыстырылуы тиіс.
- Зеңнің пайда болуына жол бермеу үшін су жинауға арналған ыдысты жуып тұру керек.
- Түксіз ылғал матаны және жұмсақ жуғыш құралды пайдалана отырып, құрылғыны тазалаңыз. Құрылғыны түксіз матамен құрғатып сүртіңіз.
- Егер үйіңізде үй жануарлары болса, құрылғының ішіне жүннің түсуін болдырмау үшін торларды мезгіл-мезгіл сүртіп отырыңыз.
- Корпус пен алдыңғы тақтаны жылы су мен жуғыш құрал ерітіндісімен суланған матамен жуу керек.
- Құрылғыны мұқият және құрғата сүртіңіз.
- Ешқашан алдыңғы панельде қатты тазалау құралдарын, балауызды немесе жылтыратқышты пайдаланбаңыз.
- Басқару элементтерін сүрту алдында міндетті түрде матадан артық суды сығыңыз.
- Басқару элементтердің ішіндегі немесе айналасындағы артылған су құрылғының бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.

## Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Қуат беру кәбілі қосылмаған.	Қуат беру кәбілін қосыңыз.
	Ыдысты толтыру индикаторы жанып тұр.	Су жинауға арналған ыдыс толған. Ыдысты «Дренаж» бөлімінде сипатталғандай етіп босатыңыз.
	Үй-жай температурасы 5 °С-тан төмен немесе 32 °С-тан жоғары.	Бұл ақаулық болып табылмайды.
Кептіру қуаты жеткіліксіз.	Үй-жай температурасы немесе ылғалдылық тым төмен.	Құрғақ маусымдарда құрылғының жұмыс қабілеттілігі төмендейді.
	Ауа жинау және ауа шығару тесіктері бұғатталған.	Құрылғының оның жұмысына кедергі келтіруі мүмкін қабырғалар мен заттардан қажетті қашықтықта орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Ауа шығару тесігі ауа шығармайды.	Ауа шығару тесіктің сүзгісі бұғатталған.	
Құрылғы жұмыс кезінде қатты шуылдайды.	Құрылғы тегіс емес бетте тұр.	Құрылғыны тегіс бетке орнатыңыз.
	Ауа сүзгісі бітелген.	Құрылғыны сөндіріңіз және сүзгіні тазалаңыз.
	Құрылғы бөгде дыбыстар шығарады.	Бұл ақаулық болып табылмайды.
Құрылғыдан су ағады.	Дренаж құбыршегі ажыратылды.	Дренаж құбыршегін қосыңыз.
	Дренаж жүйесі бұғатталған.	Кедергілерді жойыңыз және дренаж құбыршегін түзетіңіз.
Буландырғыш шарғыларында қырау пайда болады.	Бұл ақаулық болып табылмайды. Автоматты түрде еріту функциясын қосыңыз.	

## Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	DH-30KGSO	
Электр қуат параметрлері	220–240 В / 50 Гц	
Номиналды тоқ күші	3,5 А	
Номинал тұтынылатын қуат	600 Вт	
Кептіру бойынша өнімділігі	тәулігіне 30 л	
Су жинауға арналған ыдыстың көлемі	4 л	
Максималды жұмыс қысымы	айдау қысымы	2,6 МПа
	сору қысымы	1,0 МПа
Ауа шығысы	230 м <sup>3</sup> /сағ	
Шуыл деңгейі	43 дБ	
Салмағы	16,5 кг	
Аспаптың өлшемі	338x511x247 мм	

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орна-ту» тарауында сипатталған.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** УайОуЭйЮ Электрик Ко., Лтд.

Лицзя өнеркәсіптік паркі, Уцзинь ауданы, Чанчжоу қ., Цзянсу пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартпен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.  
Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Сервистік орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда берілген:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



